

Әл-Мухаррам айындағы және Ашура күніндегі ораза турасында

الصوم في الشهر محرم وعاشوراء

> كازاخى - қазақ тілі – Kazakh <

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған
www.kz.islamic.kz сайтының редакциясы

﴿﴾

ترجمة: من اللغة الروسية إلى اللغة الكازاخية إدارة الموقع

www.kz.islamic.kz

Аса Қамқор, Ерекше Мейірімді Аллаһтың атымен!

Әл-Мухаррам айындағы және Ашура күніндегі ораза турасында

Барлық мақтауларға бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ лайықты! Аллаһтың игілігі мен сәлемі пайғамбарымыз Мұхаммадқа, оның отбасына және сахабаларына болсын!

Аллаһтың айы – әл-Мухаррам айы

Әл-Мухаррам айы – Ислам күнтізбесі бойынша бірінші ай және Аллаһ харам еткен төрт айдың біреуі болып табылады. Аллаһ Тағала былай деді: **«Расында Аллаһтың қасында көктер мен жерді жаратқалы Аллаһтың Кітабындағы айлардың саны – он екі. Бұлардан төртеуі харам айлар. Міне осы берік дін. Онда бұл айларда өздеріңе зұлымдық жасамаңдар»** («әт-Тәуба» сүресі, 36 аят)

Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Уақыт Аллаһ көктер мен жерді жаратқан күндегі түрге қайтып келді. Жыл он екі айдан тұрады. Олардың төртеуі харам болып табылады. Үшеуі: зұль-Қа'да, зұль-Хижжә және әл-Мухаррам бір-бірінің артынан ілеседі, ал төртіншісі Ражәб айы жумада-сСани мен Шағбан айларының ортасында»**. (әл-Бұхари, 3197)

Хасан әл-Басри былай айтатын: **«Расында, Аллаһ жылды Мухаррам айымен бастап, және осы аймен жылды аяқтайды. Және осы жылда, Аллаһтың алдында қасиеттілігі себепті Рамазаннан кейін Мухаррамнан басқа ай жоқ»** (Қараңыз: “Ләтаиф әл-ма’ариф” 79)

Осман әл-Хинди былай деді: **«Олар (яғни сәләфтар¹) үш айдың он күнін (ерекше) дәріптейтін(, атап айтқанда): Рамазан айының соңғы он күні, зұль-Хижжә айының алғашқы он күні және әл-Мухаррам айының алғашқы он күні»** (Қараңыз: “Ләтаиф әл-ма’ариф” 79)

¹ Сәләфтар – мұсылман үмметінің ең әуелгі үш буыны, яғни сахабалар, табиғиндер, таба табиғиндер.

Ал осы айдағы қосымша (нәпіл) оразалардың қажеттілігіне (мустахаб) келетін болсақ, Абдуллаһ ибн Амрдан келген хадисте, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай айтты: **«Рамазан айының оразасынан кейінгі ең жақсы ораза, ол – Аллаһтың айы әл-Мухаррамда ұстаған ораза»** (Мұслим, 1163)

Хафиз ибн Ражәб былай деді: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Мухаррам айын «Аллаһтың айы» деп айтты. Және осы айды Аллаһтікі деу оның құрметтілігін, әрі артықшылығын көрсетеді»* (Қараңыз: “Ләтаиф аль-ма’ариф” 89)

Имам әс-Суюти былай жазады: *«Маған мынадай сұрақ қойылды: «Дәрежесі әл-Мухаррам айымен бірдей болған, бәлкім Рамазан сияқты жақсырақ айлар барлығына қарамастан, осы ай (әл-Мухаррам) «Аллаһтың айы» деп не себепті аталады?» Және мен осы сұраққа жауап таптым: Осылай аталудың себебі, бұл айдың атауы ислами болып табылады, басқа айлардың атауы жәхилиет² заманында бар еді. Жәхилиет заманында әл-Мухаррам айы «сафруль-ауаль», ал келесі ай «сафру-ссани» деп аталатын. Ислам келген кезде, Аллаһ оны «әл-Мухаррам» деп атады, және осы себепті осы айды Аллаһқа жатқызады»* (Қараңыз: “әд-Дибаж ‘алә Сахих Мұслим” 3/251)

Біреуде мынадай сұрақ болуы мүмкін: Егер әл-Мухаррам айындағы нәпіл ораза, ең жақсы ораза болатын болса, неге сахабалардан Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы айда ерекше ынтамен ораза ұстағаны жайлы хабарлар келмейді? Мысалы, Шағбан айындағы ораза жайлы, Айша (оған Аллаһ разы болсын) былай айтты: **«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ешбір айда Шағбан айы секілді көп ораза ұстамайтын»** (әл-Бухари, 1970; Мұслим, 1156).

Бұл сұраққа жауапты имам ән-Науаи берді: *«Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әл-Мухаррам айында Шағбан айында секілді көп ораза ұстамағанына бір себеп болуына мүмкін нәрсе, ол – әл-Мухаррам айының оразасының артықшылығы туралы білім, оған өмірінің соңында уахи етілді»*. (Қараңыз: «Шарх Сахих Мұслим», 8/232)

Сондай-ақ бұл қасиетті әл-Мухаррам айы, оның ішіндегі Ашура күнімен ерекшеленеді.

Ашура күнінде ораза ұстаудың артықшылықтары

Ашура күні – ол Аллаһ Мұса пайғамбарды (аләһни-ссаләм) құтқарып, Ферғаунды және оның әскерін суға батырып өлтірге күн. Ибн Аббас былай айтатын: *«Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мединаға келгенде, яхудилердің Ашура күні ораза*

² Жәхилиет – «надандық, білімсіздік». Араб тарихында Пайғамбар Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келгенге дейінгі кезең.

тұтатындығын көріп, олардан: **«Бұл не (үшін)?»**- деп сұрады. Сонда олар: «Бұл Аллаһ Исраиль ұрпақтарын жауынан құтқарған қасиетті күн, сол себепті Мұса осы күні ораза тұтатын болды», - деп жауап берді. Бұған Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Менің Мұсаға хақым сендерге қарағанда көп!»**- деп айтып, осыдан кейін осы күні өзі ораза тұта бастады, әрі басқаларға да айтты» (әл-Бухари, 2004)

Шейх Шамсуль-Хаққ Азым Абади Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) **«Менің Мұсаға хақым сендерге қарағанда көп!»** деген сөздерін: «Яғни, мен Мұсаға еруге сендерге қарағанда жақынмын. Өйткені, біздің онымен негізіміз бірдей, әрі оның Кітабын мойындаймыз, ал сендер өзгертумен, бұрмалаумен қарсы келесіңдер», - деп түсіндірді. (Қараңыз: «Аунуль-Ма'буд», 7/109).

Бұл күнгі оразаны тіпті жәхилиет заманында арабтар да ұстайтын болған. Айша былай айтатын: **«Жәхилиет заманында құрайыштар Ашура күні ораза ұстайтын, және Аллаһ Елшісі де (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстайтын. Ол Мединаға келгенде, осы күнгі оразасын жалғастырып, басқаларға да ұстауды айтты. Ал Рамазан айының оразасы парыз қылынғанда, ол Ашура күнгі оразасын тоқтатты. Сол уақыттан бері осы оразаны қалаған адам ұстап, қаламаған ұстамайтын болды».** (әл-Бухари, 2003; Мұслим, 1130)

Имам әш-Шафии **«ол Ашура күнгі оразасын тоқтатты»** деген сөздерді түсіндіріп былай деді: **«Яғни, осы күнгі оразаны ұстау парыз деп санауды тоқтатты».** (Қараңыз: “Ихтиләф әл-хадис”, 103)

Ибн Омар былай айтты: **«Жәхилиет заманындағы адамдар Ашура күнінде ораза ұстайтын, және Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және мұсылмандар Аллаһ Рамазан айының оразасын жүктегенге дейін ораза ұстады. Рамазандағы ораза парыз қылынғаннан кейін, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Расында, Ашура – Аллаһтың күндерінен болған бір күн. Кімде-кім қаласа, ораза ұстасын, ал қаламаса, ұстамасын»,- деп айтты».** (Мұслим, 1126)

Ар-Рубаййи' бинт Мү'аууиз былай айтқан: **«Бірде Ашура күнінің таңында Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ансарларға: «Осы күні таң ертен тамақтанған адам, енді күн соңына дейін тамақтанбасын. Ал таңнан бастап ораза ұстаған адам, оны соңына дейін ұстасын»,- дейтін хабаршыны жіберді».** (Және де) Ар-Рубаййи': **«Осы уақыттан бастап, біз бұл күні оразаны өзіміз ұстадық, және балаларымызға да ұстатқыздық. Және біз оларға жүннен ойыншық жасап, тамақ сұрап жылаған уақытында, ауыз ашар уақыты келгенге шейін (ойнай тұрулары үшін) ойыншықты беретінбіз»,- деп айтты.** (әл-Бухари, 1960; Мұслим, 1136)

Осылайша, Ашура күніндегі ораза Рамазан айында ораза ұстау бұйырылғанға дейін парыз болып саналған етін. (Қараңыз: “Фатхуль-Бәри”, 4/375).

Имам Уәлию-Ллаһ әд-Дахләуи былай деді: «Ашура күніндегі оразаның заңдылығының сыры, бұл күн Аллаһ Тағала Мұсаға ферғаунның және оның әскерінің үстінен жеңіс берген күн екендігінде. Және Мұса осы күн үшін шүкірлігін білдірді, және бұл амал Кітап иелерінің және арабтардың арасында сүннетке айналды, әрі осыны Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) растады». (Қараңыз: “Худжжәту-Ллаһи әл-балиға”, 2/532).

Әбу Қатада жеткізген хадисте, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Ашура күніндегі ораза өткен жылғы күнәларды өтейді деп Аллаһқа үміт етемін!**»- деп айтты. (Муслим, 1162)

Имам әт-Тыйби былай деді: «**“Үміт етемін”** деген сөздер **“Аллаһқа”** деген сөзбен байланған, бұл нәрсе уәденің орындалуы міндетті түрде болатындығын көрсетеді». (Қараңыз: “әл-Кашиф ан хақайқ әс-Сунан”, 5/1608).

Әл-Асуад ибн Зайд: «**Мен Али ибн Әбу Талиб пен Әбу Муса сияқты Ашура күніндегі оразаны ұстауға шақырған адамдарды көрмедім!**»- деп айтты. (Ибн Әбу Шайба 3/56, әт-Таялиси 1212. Хафиз Ибн Хажәр хабардың иснадын сахих деді).

Ашура әл-Мухаррам айының қай күні?

Мухаммад ибн Сирин былай деді: «**Сәләфтар Мухаррам айының оныншы күні Ашура екенінде таласпайтын, тек ибн Аббас: «Ол тоғызыншы күн»,- деп айтты.**» (Қараңыз: “Ләтаиф әл-ма’ариф”, 109)

Имам Ахмад: «**Мен Ашура тоғызыншы немесе оныншы күн екенін білмеймін, бірақ біз екі күн ораза ұстаймыз**», - деп айтты. (Қараңыз: “Ләтаиф әл-ма’ариф”, 112).

Әл-Хакама ибн А’ражә былай деген: «**Бір күні мен ибн Аббасқа келіп: «Маған Ашура жайлы хабар бер»,- деп сұрадым. Ол былай айтты: «Егер сен Мухаррам айынның туылғанын көрсең, күн санап, тоғызыншы күні ораза ұста».** (Сонда) мен: «**Осылай Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ораза ұстады ма?**»- деп сұрағанымда, ол: «**Иә**»,- деп жауап берді». (Муслим, 1133).

Дегенмен, имам әл-Бәйһақи осы хабарды: «**Бәлкім, ибн Аббас Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оныншы күнмен бірге ұстаған тоғызыншы күнін меңзеген болар**», - деп түсіндірді. (Қараңыз: “Сунан әл-Кубра”, 4/287).

Және осы түсіндірме дұрыс болып саналады, өйткені сол ибн Аббастың өзінен «*Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оныншы күні Ашура күнінде ораза ұстауды айтты*», - деген сөздер келеді. (әт-Тирмизи, 755. Шейх әл-Әлбани хадисті сахих деді)

Сол себепті, Ашура күні ол Мұхаррам айының оныншы күніне келетіні туралы пікір дұрыс болып табылады. (Қараңыз: “Шарх Сахих Муслим”, 8/12; “Фатхуль-Бари”, 4/671)

Ашура күніндегі оразамен бірге алдында және кейін келетін күндері ораза ұстау турасында.

Ибн Аббас былай айтты: «*Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Ашура күні ораза ұстайтын, және осыны сахабаларына да бұйыратын, олар: «Я, Аллаһ Елшісі, бұл күнді яхудиелер мен христиандар құрмет тұтады*», - дегенде, Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): **«Аллаһ қаласа, ендігі жылы біз тоғызыншы күні де ораза ұстаймыз»**, - деп айтты. Бірақ келесі жыл келер алдын Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болды». (Муслим, 1/151)

Сондай-ақ Ибн Аббас былай деген: «*Тоғызыншы және оныншы Ашура күні ораза тұтып яхудиелерден өзгешеленіңдер!*» ('Абдур-Раззақ 7839, әл-Бәйһақи 4/287. Хафиз Ибн Ражәб, шейх әл-Әлбани және шейх 'Абдуль-Қадир әл-Арнауат хабарды сахих деді).

'Ата былай айтатын: «*Ибн Аббас, Аллаһ оған разы болсын, (Ашураға дейін) бір күн бұрын, және кейін бір күн ораза ұстайтын*» (Әт-Табари “Тахзиб әл-әсәр” 1430. Қараңыз: “Ма сах мин әсәр әс-сахаба” 2/675).

Осыған сүйеніп, бір топ ғалымдар Кітап иелеріне ұқсамау үшін Ашура күнінің оразасын бір күн бұрынғы немесе кейінгі күнмен бірге ұстауды дұрыс санайды.

Ал басқа ғалымдардың пікірі бойынша, бір күн бұрын және кейін ұстаудың себебі, Мұхаррам айының басталуын дұрыс санамай қалған жағдайда, осы Ашура күнін жіберіп алмауда деп түсіндірген. Олардың айтуы бойынша, жоғарыда келтірілген **«Аллаһ қаласа, ендігі жылы біз тоғызыншы күнде де ораза ұстаймыз»** деген хадисті, басқа хадис түсіндіреді, ол **«Аллаһ қаласа, егер келесі жылға дейін өмір сүріп жатсам, Ашура күнін жіберіп алу қаупі бар себепті, тоғызыншы күні де ораза ұстаймын»** деген хадис. (Әт-Табарани “әл-Кабир”, 10817. Хадис сахих. Қараңыз: “әс-Сильсилә әс-сахиха”, 350).

Сондай-ақ, Мухаррамның тек оныншы күні, яғни Ашура күні ғана ораза ұстаудың ешқандай дұрыс еместігі жоқ, (яғни макрух емес – ауд.) деп айтқан ғалымдар да болған. Шейхуль-Ислам ибн Таймия былай деген: «*Ашура күніндегі ораза бір жылдық күнәларды өтейді, және тек осы күнде ғана ораза тұту айыпталмайды*» (Қараңыз: “әл-Фатауа әл-кубра”, 4/461).

Имам ибн Хәжәр әл-Хайтами былай деді: «*Тек Ашура күні ғана ораза ұстауда ешқандай проблема жоқ*» (Қараңыз: “Тухфәтуль-мүхтәж”, 3/217).

Дегенмен, тек Ашура күні ғана ораза тұтуда ешқандай проблема жоқ десекте, Мухаррамның тоғызыншы және оныншы күндері ораза ұстау, біріншіден, тек осы күні ораза ұстайтын яхудилерге ұқсамау себепті, ал екіншіден, қателесіп осындай ұлы күнді жіберіп алмау себепті, әлбетте абзал.

Шу’ба былай деген: «*Ибн Аббас Ашура күнінде оразаны жолда да ұстайтын, сондай-ақ жіберіп алудан қауіптеніп бір күн бұрын және кейін ораза ұстайтын*». (Қараңыз: әт-Табари “Тахзиб әл-әсәр”, 597)

Имам Ахмад былай айтты: «*Кімде-кім Ашура күнінде ораза ұстауды қаласа, тоғызыншы және оныншы күндерін де ұстасын. Егер ол ай күндерін санауда күмәнданса, үш күн ораза ұстасын, осылай ибн Сирин айтқан*» (Қараңыз: “әл-Мүғни”, 4/441)

Ашура күніндегі ораза жайында айтқанда, шейх ибн әл-Қайим былай деген: «*Бұл күні ораза ұстаудың үш түрі бар. Олардың ең абзалы – ол одан алдыңғы және кейінгі күндермен қоса ораза ұстау. Осыдан кейінгі түрі – тоғызыншы және оныншы күні ораза ұстау келеді, және осыған көптеген хадистер меңзейді. Және осыдан кейін, тек оныншы Ашура күні ғана ораза ұстау. Ал тек тоғызыншы күні ораза ұстау тұрасында келетін болсақ, бұл нәрсе, осы тақырыптағы хадистерді және оның жеткізу жолдарын дұрыс түсінбеу себепті болды*» (Қараңыз: “Задүль-ма’ад”, 2/76).

Осыған ұқсас сөздерді хафиз ибн Хәжәр да айтты. (Қараңыз: “Фатхуль-Бари”, 4/346)

Ашура күні ('Ид) мейрам болып саналады ма?

Әбу Мүса әл-Аш’ари (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «*Ашура күні яхудилерде мейрам ('Ид) болып саналды, және осы себепті Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Сендер осы күні ораза ұстаңдар», - деп айтты*» (әл-Бұхари, 2005; Мүслим, 1131).

Хафиз ибн Ражәб былай деген: «Бұл хадисте Ашура күнін мейрам етіп белгілеп алу тыйым салынғандығына нұсқау бар. Осы күні ораза ұстау, бұл күннің мейрам емес екенін көрсетеді». (Қараңыз: “Ләтаиф әл-ма’ариф”, 112).

Осылайша, бұл хадис Ашура күнінің Исламда мейрам (‘Ид) емес екендігін анық нұсқайды. Осы күнгі оразаға үлкен сауап болғанымен, бұл күн мұсылмандарға мейрам екенін білдірмейді. Осыған сүйене отырып, көптеген мұсылмандардың мейрам деп ойлағаны, тағамдар әзірлеп, дастархан жасауы қате екенін білеміз. Шейхуль-Ислам ибн Таймия былай деді: «Бұл жайында не Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), не сахабалардан, не имамдардан, не төрт мазхабта келген бірде-бір нұсқау жоқ. Бұл жөнінде, “Сахих”, “Сунан” немесе “Муснад” кітаптары болсын, бірде-бір хадистер кітабында бірде-бір сахих хабар жоқ». (Қараңыз: “Мәжму’уль-фатауа”, 25/299)

Сондай-ақ шейхуль-Ислам ибн Таймия былай айтты: «Шайтан Хусайнның (Пайғамбардың немересі) өлтірілгені себепті екі бидғат енгізді: Ашура күні қайғыру, жоқтау, сондай-ақ (шииттер секілді) өзін-өзі ұру, айқайлау, жылау бидғаты. Және де қуану, шаттыққа бөлену бидғаты. Біреулер осы күнге қайғы енгізсе, басқалары қуаныш енгізді, әрі осы себепті қуанғандар осы күні жуынып, сүрме қолданып, туысқандарына барып, ерекше тағамдар әзірлей бастады. Бұның барлығы адасқан бидғат болып табылады! Бірде-бір төрт мазхабтың имамдары, және басқа имамдар бұған рұқсат берген емес!» (Қараңыз: “Минхәж әс-Сунна”, 4/556.)

Сөзіміздің соңында, бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтаулар айтамыз!

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған www.kz.islamic.kz сайтының редакциясы;

